

Күшіне енді: 2024 ж. 11 жел. (Нұсқа: 41917)

# Құпиялылық саясаты

## 1. Robert Bosch GmbH сіздің жеке деректеріңізді қорғайды

Robert Bosch GmbH компаниясы SingleKey ID қызметін таңдағаныңыз үшін өте қуанышты.

Жеке деректеріңізді өңдеу кезінде сіздің құпиялылығыңызды қорғау, сондай-ақ барлық іскерлік деректердің қауіпсіздігін қорғау біз үшін маңызды міндеттер болып табылады. Сіз SingleKey ID қызметін пайдаланған кезде сізден алынған жеке деректеріңізді біз құпиялық шарттарын толық сақтай отырып, тек заңнамалық нормаларға сәйкес өндейміз.

Деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік біздің корпоративтік саясатымыздың бір бөлігі болып табылады.

## 2. Бақылауышы

Robert Bosch GmbH компаниясы SingleKey ID қызметін қамтамасыз етуге жауапты. Осыған байланысты Robert Bosch GmbH компаниясы деректеріңізді жинайды және өндейді, сонымен қатар сіз пайдаланатын қолданбаларға кіру мақсатында тасымалдайды.

Біздің байланыс мәліметтеріміз төменде келтірілген:

Robert Bosch GmbH

Robert-Bosch-Platz 1  
70839 Gerlingen-Schillerhöhe  
Germany (Германия)

Сонымен қатар, біз сіздің деректеріңізді жалпы деректерді қорғау ережелеріне және деректерді қорғау туралы ұлттық зандарға сәйкес сіз қолданатын қолданбаларды қамтамасыз ететін тұлғалармен бірлесіп өндейміз.

Басқа SingleKey ID функцияларын пайдалану, атап айтқанда, негізгі деректерді басқару және қолданбаларға шолу жасау – сіз қолданатын қолданбаларға жауапты тұлғалардың бірлескен жауапкершілігінде.

Жеке өңдеу операциялары және сіздің құқықтарыңыз туралы қосымша ақпаратты 13-бөлімнен таба аласыз.

### **3. Жеке деректерді жинау, өндеу және пайдалану**

#### **3.1. Принциптер**

Жеке деректер жеке басы анықталған немесе анықталатын жеке тұлғаға қатысты барлық ақпаратты қамтиды. Бұған аты-жөндер, мекенжайлар, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары, фотосуреттер немесе адамның жеке басын анықтайтын кез келген басқа дерек кіреді.

Біз жеке деректерді (IP мекенжайларын қоса) зандау негіздер болған жағдайда немесе сіз жеке деректерді осындай өндеуге немесе пайдалануға (мысалы, тіркелу кезінде) келісім берген жағдайда ғана жинаймыз, өндейміз және пайдаланамыз.

#### **3.2. Өндеу мақсаттары және құқықтық негіздер**

Біз және біз уәкілеттік берген қызмет провайдерлері жеке деректеріңізді төменде көрсетілген өндеу мақсаттары үшін өндейміз. "Зандау мұдде" негізінде кез-келген өндеуге қарсылық білдіруге ерекше құқығының бар екенін атап өткіміз келеді ("Пайдаланушы құқықтары" бөлімін қараңыз):

#### **3.3. SingleKey ID арқылы тіркелу және кіру**

Сіздің деректеріңіз біздің пайдалану шарттарымызға және сіз пайдаланатын қолданбалардың келісімдік шарттарына сәйкес SingleKey ID қызметтерін қамтамасыз ету (SingleKey ID арқылы тіркелу және кіру) мақсатында өнделетін болады. (SingleKey ID пайдаланудың жалпы шарттары).

Осы мақсатта біз келесі деректерді жинаймыз және өндейміз: пайдаланушы логині (электрондық пошта мекенжайы немесе мобиЛЬДІ телефон нөмірі), адам аты, тегі, тілі, елі және еркін таңдалған құпиясөзі.

Тіркеу кезінде біз сондай-ақ біздің пайдалану шарттарымызға берген және деректерді қорғау туралы осы хабарламаға берген келісімдеріңізді, сондай-ақ осындай келісімдердің күндері мен уақыттарын журналға тіркейміз.

Құқықтық негіз: келісім шарттарын орындау (жалпы пайдалану шарттары)

SingleKey ID арқылы кіру үшін сізге пайдаланушы идентификаторы мен құпиясөз қажет. SingleKey ID-іңізді жақсырақ қорғау үшін, профилінізде екі факторлы аутентификацияны қосуға болады. Осы мақсатта, сізге электрондық пошта мекенжайының және ұялы телефон нөмірінің енгізу қажет. Егер сіз екі факторлы аутентификация арқылы кіруді таңдасаңыз, біз сіздің ұялы телефон нөмірінің жіберетін қауіпсіздік кодын растауының қажет болады.

Сіздің телефон нөміріңіз таңдалған екі факторлы аутентификация әдісін іске қосу үшін қолданылады.

Құқықтық негіз: Шарттың орындалуы (пайдалану шарттары)

3.4. SingleKey ID көмегімен негізгі деректер мен қолданбаларды шолу және басқару

SingleKey ID көмегімен сіз SingleKey қызметіне қосылған қолданбаларға арналған негізгі деректерді үнемі енгізу және басқару қажеттілігінен құтыласыз. Болашақта сіз тіркелу кезінде өзіңіз енгізген деректерді (электрондық пошта мекенжайы, мобильді телефон нөмірі, адам аты, тегі, тілі және елі) өз профилінде жеке басқара аласыз және сол арқылы негізгі деректеріңіздің үнемі жаңартылуын қамтамасыз ете аласыз. Robert Bosch GmbH осы деректерді осы аталған мақсатта өндейді және қажет болған жағдайда SingleKey ID қызметімен байланысты қолданбалармен бөліседі.

Сондай-ақ, біз сіздің SingleKey ID тіркелгіңіз арқылы қосылған барлық қолданбаларға жасалған шолуды ұсынамыз.

Құқықтық негіз: келісімнің шарттарын орындау

3.5. Қызмет жұмысындағы іркілістерді тексеру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Біз сіздің деректеріңізді деректерді қорғау бойынша занды міндеттемелерімізді орындау және келісімшартқа сай міндеттемелерімізді орындау үшін өндейміз.

Құқықтық негіз: занды міндеттемелер және келісімшарттық міндеттемелерді орындау

Біздің веб-сайтқа кірген кезде, боттар мен автоматтандырылған скриптерден келетін енгізулерді блоктау үшін CAPTCHA іске қосу мақсатында қосымша жеке деректер өнделеді. Өнделетін деректер санаттары: серверге қол жеткізуге арналған техникалық байланыс деректері (IP мекенжайы, күні, уақыты, сұралған бет, браузер туралы ақпарат) және веб-сайтты пайдалану деректері мен жеке элементтерге жасалған басуларды тіркеу.

Құқықтық негіз: Занды мұдде

3.6. Біздің құқықтарымызды қамтамасыз ету және қорғау

Біз сіздің деректеріңізді өзіміздің құқықтарымызды бекіту және қорғау мақсатындағы занды мұдделеріміз болған кезде өндейміз.

Құқықтық негіз: занғы мұдде

## 4. Журнал файлдары

Интернетті қолданған сайын сіздің браузеріңіз немесе мобиЛЬДІ құрылғының «журнал файлдары» деп аталатын файлдарда сақталатын белгілі бір ақпаратты автоматты түрде жібереді.

Біз журнал файлдарын тек қызмет көрсетудегі сәтсіздіктерді және қауіпсіздікті тексеру үшін сақтаймыз (мысалы, кибершабуылдарды зерттеу үшін). Мұндай журнал файлдары қысқа уақытқа ғана сақталады, содан кейін жойылады. Айғақтар келтіру мақсатында сақталуы қажет журнал файлдары тиісті оқиға жойылғанға дейін сақталады. Кейбір жағдайларда олар тергеу органдарына берілуі мүмкін.

Атап айтқанда, журнал файлдарында келесі ақпарат сақталады:

- SingleKey ID тіркелгісіне кіру үшін пайдаланылатын терминалдық құрылғының IP мекенжайы (Интернет протоколының мекенжайы)
- Интернеттегі ұсынысқа қол жеткізілген веб-сайттың Интернет мекенжайы (ақпарат көзінің немесе ақпарат жіберушінің URL мекенжайы)
- Онлайн ұсынысқа қол жеткізу үшін қолданылған қызмет провайдерінің аты
- Қол жеткізілген файлдардың немесе ақпараттың атауы
- Деректерді алу қүні мен уақыты, сондай-ақ ұзақтығы
- Тасымалданған деректердің көлемі
- Орнатылған кеңейтім қосымшалары (мысалы, Flash Player), операциялық жүйе және пайдаланылатын интернет браузері туралы ақпарат
- HTTP күй коды ("Сұрау орындалды" немесе "Файл табылмады" деген сияқты)

## 5. Балалар

SingleKey ID жүйесіне тіркелу үшін сіз кәмелетке толған болуының керек.

## 6. Дерек тасымалдау

6.1. Деректерді басқа бақылаушы органдарға (жалпы) беру

Сіздің жеке деректеріңіз басқа компанияларға белгілі бір мақсат үшін қажетті көлемде ғана және оларға жіберуге себеп болған дәлелді жағдайлар негізінде ғана берілетін болады.

Сонымен қатар, егер біз мұны заңнамалық нормаларға немесе күшіне енген әкімшілік немесе сот қаулыларына сәйкес жасауымыз керек болса немесе өзіміз немесе үшінші тараپ деректерді беруге занды қызығушылық танытса, деректер басқа бақылаушы органдарға берілуі мүмкін.

Құқықтық негіз туралы толық ақпаратты "Өндірілген мақсаттары және құқықтық негіз" бөлімінен табуға болады. Егер деректер үшінші тарараптарға занды мүдде негізінде берілетін болса, бұл туралы осы деректерді қорғау туралы хабарламада түсіндіріледі.

#### 6.2. Деректерді SingleKey ID көмегімен жүйеге кіру мақсатында басқа компанияларға беру

Егер сіз басқа компаниялардың ("қызмет провайдерлерінің") қолданбаларына кіру үшін SingleKey ID пайдаланғыңыз келсе, бұл біз ұсынған кіру экраны арқылы жүзеге асырылады. SingleKey ID арқылы тіркелгенінізді растиғаннан кейін, біз сіздің тиісті қызмет провайдерінің жүйесіне кіру рұқсатынызды растимыз және оған кіру деректерін және сол арқылы белгілі бір қолданбаны пайдалану үшін қажетті деректерді береміз. Бұл деректерге сіздің электрондық пошта мекенжайының, атыңың, тегіңіз, тіліңіз, еліңіз және SingleKey ID логиніңіз жатады. Тек сіздің құпиясөзіңіз хабарланбайды.

#### 6.3. Деректерді басқа компанияларға SingleKey ID көмегімен негізгі деректер мен қолданбаларды шолу және басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жіберу

Болашақта сіз SingleKey ID көмегімен негізгі деректерді өзіңіз басқара аласыз және SingleKey ID жүйесімен байланыстырылған барлық қолданбаларға шолу жасай аласыз. Бұл функция кез келген уақытта қол жетімді.

Сіздің негізгі деректеріңізге жасалған кез-келген жаңарту туралы ескертпе SingleKey ID жүйесімен байланыстырылған қолданбаларға жіберіледі. Бұл деректерді қолданбалар тек белгіленген мақсаттарда пайдаланады.

Осыланысты басқа қызмет провайдерлері немесе компаниялар жеке деректерді бізге ешқандай бермейді. Бұл деректер қызмет провайдерінің өзінде қалады.

#### 6.4. Қызмет провайдерлері (жалпы)

Біз сату және маркетинг, келісімшарттарды басқару, бағдарламалау, деректерді орналастыру және сенім телефондары сияқты тапсырмаларды орындау үшін сыртқы қызмет провайдерлерін жұмысқа тартамыз. Біз осындай қызмет провайдерлерін мұқият таңдаймыз және олардың жұмысын, әсіресе олардың деректерді өңдеуін және қорғанысты қамтамасыз етуін үнемі қадағалап отырамыз. Біз барлық қызмет провайдерлерін құпиялылықты сақтауға және заңнамалық ережелерді сақтауға міндеттейміз. Қызмет провайдерлеріне Bosch тобына кіретін басқа компаниялар да жатуы мүмкін.

## 6.5. ЕӘА-тан тыс алушыларға жіберу

Біз сондай-ақ жеке деректерді ЕӘА-нан тыс, үшінші елдер деп аталатын дерек алушыларға жібереміз. Мұндай жағдайларда деректерді біреуге жібермес бұрын біз деректерді алушының тиісті дерек қорғау деңгейін сақтайтынына (мысалы, ЕО комиссиясының тиісті бір ел үшін шаралардың жеткіліктілігі туралы шешімі немесе алушының "Еуропалық Одақтың стандартты келісімшарттық ережелері" деп аталатын келісімге қол қоюы негізінде) немесе сіздің деректерді осылай тасымалдауға келісім бергеніңізге көз жеткіземіз.

Сіз үшінші елдің дерек алушылары туралы шолуды және деректерді қорғау шараларының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ететін арнайы келісілген ережелердің көшірмесін алуға құқығының бар. Ол үшін "Байланысу" бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

## 7. Сақтау ұзақтығы; сақтау мерзімдері

Біз деректеріңізді онлайн ұсыныс жасау үшін және осы ұсынысқа қатысты қызметтерімізді көрсету мақсатында немесе осындай деректерді сақтауға заңды мұддеміз болған кезде қажетінше сақтаймыз (мысалы, келісімшарттық міндеттемелерімізді орындағаннан кейін бізде пошта арқылы маркетингтік ақпарат алмасуға қатысты заңды мұддеміз әлі де болуы). Қалған барлық жағдайларда, атап айтқанда, сіз SingleKey жүйесіне тіркелуден бас тартқан кезде, біз заңды міндеттемелерімізді орындау үшін сақталуға міндетті деректерді қоспағанда, барлық басқа жеке деректерді жойып тастаймыз (мысалы, салық және коммерциялық кодекстерге сәйкес сақтау мерзіміне байланысты, келісімшарттар мен шот-фактуралар сияқты құжаттарды белгілі бір уақыт мерзіміне сақтауға міндеттіміз).

## 8. Кукилерді пайдалану

Біздің онлайн қызметімізді ұсынуға байланысты кукилер мен қадағалау механизмдері пайдаланылуы мүмкін.

Кукилер – біздің онлайн қызметімізге кірген кезде сіздің құрылғыңызда сақталуы мүмкін шағын мәтіндік файлдар.

Бақылау әр түрлі технологиялар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Атап айтқанда, біз ақпаратты пиксель технологиясы арқылы және/немесе журнал файлдарын талдау кезінде өндейміз.

## 8.1. Санаттар

Біз SingleKey ID жүйесінің техникалық жұмыс істеуі үшін қажет кукилерді және SingleKey ID жүйесінің техникалық жұмыс істеуі үшін қажет емес кукилер мен бақылау механизмдерін пайдаланамыз.

Әдетте, SingleKey ID жүйесін техникалық мақсаттағы емес кукилерсіз пайдалануға болады.

## 8.2. Техникалық мақсатта қажет кукилер

Техникалық мақсатта қажетті кукилер деп біз SingleKey ID жүйесін техникалық тұрғыда қолдайтын кукилерді айтамыз. Оларға бейне немесе аудио мазмұнның біркелкі ойнатылуын қамтамасыз ететін деректерді сақтайтын кукилер кіреді.

Мұндай кукилер сіз жүйеден шыққан соң жойылады.

Біз пайдаланатын кукилер пайдаланушыларымыздың жеке басын анықтау немесе қуәландыру үшін қызмет етеді және олар техникалық қолдау көрсететін кукилердің санатына жатады.

## 8.3. Техникалық тұрғыда қажет емес кукилер мен бақылау механизмдері

Біз осындағы кукилер мен қадағалау механизмдерін тек сіздің келісіміңізді алған соң пайдалана аламыз.

## 9. Сыртқы сілтемелер

Біздің онлайн ұсынысымызда үшінші тараптардың (яғни, бізben байланысы жоқ провайдерлердің) интернет парақшаларына бағыттайтын сілтемелер болуы мүмкін. Осындағы сілтеме басылған соң, осы сілтеме бойынша орналасқан (үшінші тарапқа осындағы сілтемені басқан кезде берілетін) сайттың IP мекенжайы немесе URL мекенжайы сияқты кез келген жеке деректі жинауды, өндеуді және пайдалануды бақыламаймыз. Мұның себебі үшінші тараптардың іс-әрекеттері біздің бақылауымыздан тыс болуында. Сондықтан біз осындағы жеке деректерді үшінші тараптар өндегені үшін жауапкершілікті өз мойнымызға алмаймыз.

## **10. Қауіпсіздік**

Біздің қызметкерлеріміз бен біздің атымыздан қызмет көрсететін компаниялар құпиялылықты сақтауға және деректерді қорғау туралы қолданыстағы зандаудың ережелерін орындауға міндettі.

Біз қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету және біздің иелігіміздегі сіздің жеке деректеріңізді қорғау үшін (атап айтқанда, абайсызда немесе заңсыз жоюдан, айла-шарғы жасаудан, жоғалтудан, өзгертуден, рұқсатсыз ашудан немесе рұқсатсыз қол жеткізу тәуекелдерінен) барлық қажетті техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қолданамыз. Біздің қауіпсіздік бойынша шараларымыз технологияның дамуына қарай үнемі жетілдіріліп отырады.

## **11. Пайдаланушиның құқықтары**

Өз құқықтарыңыздан хабардар болу үшін "Байланысу" бөлімінде көрсетілген ақпаратты пайдаланыңыз. Бұл жағдайда кім екеніңізді анықтайтын деректерді беруді өтінеміз.

**11.1. Ақпарат алу және қол жеткізу құқығы:**

Сіздің жеке деректеріңізді қалай өндөйтінімізді білуге құқығыңыз бар. Осы мақсатта біздегі өңделіп жатқан жеке деректеріңізге қол жеткізу құқығын талап ете аласыз.

**11.2. Түзету және жою құқығы:**

Сіздің дұрыс емес жеке деректеріңізді түзетуді талап етуге және, занда белгіленген талаптар сақталған жағдайда, осындай деректерді толықтыруды немесе жоюды талап етуге құқығыңыз бар.

Бірақ бұл есептесу немесе бухгалтерлік есеп үшін қажет немесе заңмен белгіленген сақтау мерзімінде сақтауға болатын деректерге қолданылмайды. Егер мұндай деректерге қол жеткізу талап етілмесе, оларды өңдеу шектеледі (төмендегіні қараңыз).

**11.3. Өңдеуді шектеу**

Егер заң талаптарына қайшы болмаса, сіз бізден деректерді өңдеуді шектеуді талап ете аласыз.

**11.4. Деректерді "занда мұдде" үшін занда негізде өңдеуге қарсы болу:**

Сонымен қатар, егер деректерді өңдеу "занда мұдде" негізінде жүзеге асырылса, өз жеке деректеріңізді өңдеуге кез келген уақытта қарсылық

білдіруге құқығының бар. Бұл жағдайда біз сіздің құқықтарыныңдан басым болатын заң талаптарына сәйкес сенімді және занұды негіздерді көрсете алмасақ, сіздің деректеріңізді өңдеуді тоқтатамыз.

#### 11.5. Тікелей маркетингке қарсылық білдіру

Сонымен қатар, сіз кез-келген уақытта тікелей маркетинг мақсатында жеке деректеріңізді өңдеуімізге қарсылық білдіре аласыз. Алайда, біз SingleKey ID жүйесіне байланысты тікелей маркетинг жургізбейтінімізді атап өткіміз келеді.

#### 11.6. Келісімді қайтарып алу:

Егер сіз өз деректеріңізді өңдеуге келісім берген болсаңыз, болашақта кез келген уақытта осы келісімді қайтарып алуға құқығының бар. Осы қайтарып алуға дейін кез-келген деректі өңдеудің занұлылығы өзгеріссіз қалады.

#### 11.7. Деректерді тасымалдау мүмкіндігі

2018 жылғы 25 мамырдан бастап қолданылатын деректерді қорғау туралы жалпы ережеге (GDPR) сәйкес, сіз өзіңіз ұсынған кез келген деректің сізге құрылымдалған, жалпы қабылданған және электрондық құрылғылармен оқуға болатын пішімде берілуін талап етуге немесе, егер бұл техникалық тұрғыда мүмкін болса, осындаи деректерді үшінші тарапқа беруді талап етуге құқығының бар.

#### 11.8. Тіркеуден бас тарту:

Сіз кез-келген уақытта SingleKey ID пайдаланушы келісімін тіркеуден бас тарту арқылы жоя аласыз. Мына сілтемені басыңыз: [Профилім](#) (<https://singlekey-id.com/myprofile/>). Тіркеуден бас тарту тек заңмен сақтау мерзімі белгіленбеген деректерді жоюға әкеледі.

SingleKey ID жүйесіне тіркелуден бас тартқаннан кейін, SingleKey ID жүйесімен байланыстағы қолданбаларға деректерді жою сұрауы жіберіледі. Жеке қолданбаларда сақталған деректерді жою туралы шешімді қолданбалардың өздері қабылдайды.

#### 11.9. Қадағалау органына шағым беру құқығы:

Сізде деректерді қорғау жөніндегі органға шағым беру құқығы бар. Атап айтқанда, сіз өзіңіздің тұрғылықты жеріңіздегі немесе мемлекетіңіздегі деректерді қорғау үшін жауап беретін органға немесе біздің компанияның орналасқан жері үшін жауап беретін деректерді қорғау органына жүгіне аласыз. Соңғыларына мыналар жатады:

Баден-Вюртемберг жеріндегі деректерді қорғау және ақпарат бостандығы жөніндегі уәкіл

Мекенжайы: Lautenschlagerstrasse 20, 70173 Stuttgart, Germany (Германия)

Пошта мекенжайы: Postfach 10 29 32, 70025 Stuttgart, Germany (Германия)

Phone: +49 711 6155 41-0

Fax: +49 711 6155 41-15

E-mail: poststelle@lfdi.bwl.de

## **12. Байланысу**

Егер сіз бізбен хабарласқыңыз келсе, бізге "Бақылаушы" бөлімінде көрсетілген мекенжай арқылы хабарласа аласыз.

Оз құқықтарынызды қорғау үшін жеке деректерінізді өңдеуге қатысты ұсыныстар немесе шағымдар беру немесе берген келісіміңізді қайтарып алу үшін біздің деректерді қорғау жөніндегі қызметкерімізben хабарласқаныңыз жөн:

Деректерді қорғау жөніндегі қызметкер

Ақпараттық қауіпсіздік және құпиялышық (C/ISP)

Postfach 30 02 20, 70442 Stuttgart, Germany (Германия)

E-mail: DPO@bosch.com

## **13. Деректерді қорғау туралы жалпы ереженің (GDPR) бірлескен бақылаушылар туралы 13-бабына сәйкес дерек субъектілеріне берілетін ақпарат.**

SingleKey ID үшін жауапты тарап ретінде, Robert Bosch GmbH сіз пайдаланатын қолданба(лар) үшін, деректерді қорғау туралы жалпы ереже мен деректерді қорғау туралы ұлттық заңдардың талаптарына сәйкес деректерді өңдеу үшін жауапты үшінші тараптармен бірге бірлесіп жауап береді. GDPR ережесінің 26-бабына (бірлескен бақылаушылар) сәйкес деректерді өңдеу үшін бірлескен жауапкершілікті алуға жазбаша түрде келістік. Атап айтқанда, біз қатысушы тараптардың міндеттері мен жауапкершілігін айқындағық және өзара келістік. Деректерді өңдеудің нақты операциялары туралы толық ақпаратты Robert Bosch GmbH компаниясының деректерді қорғау туралы хабарламасынан (<https://singlekey-id.com/data-protection-notice/>) және деректерді өңдеу

жөніндегі ақпараттық парақтан табуға болады. Деректердің қорғау саясаты (<https://singlekey-id.com/data-protection-notice/>).